



Аксу онірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №21 (10 327)

● 5 маусым

● жұма

● 2026 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУ КӨТЕРУ РӘСІМІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті отандастар!

Баршаңызды Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – қасиетті Отанымыз – Қазақ елінің әрбір азаматы үшін маңызы ерекше мереке. Біз осы күні байрағымызды биікке көтереміз. Сол арқылы еңселі, егемен ел екенімізді күллі әлемге паш етеміз.

Қастерлі рәміздеріміз – ұлт құндылықтарының жарқын символы.

Мемлекетіміздің әр нышаны халқымыздың болмыс-бітімінің көрінісі саналады. Елтаңба – елдігіміздің айшықты белгісі. Өнұран – азаттығымыздың айбынды үні. Көк Туымыз – Тәуелсіздік тұмары. Төбемізге көтеріп, қадір тұтатын осы үш рәмізді мемлекеттігіміздің мызғымас ұштағаны десек, артық болмайды.

Тарихқа үңілсек, жұртымыз әрқашан бір тудың астына жиналып, ынтымақ-бірлігін сақтай білген. Қазір де еліміз ауызбіршілігін нығайтып, алға қарай сеніммен қадам басып келеді.

Бәріңізге белгілі, наурыз айында біз біртұтас қоғам болып жалпыұлттық референдумға қатыстық. Азаматтарымыз конституциялық реформаны қолдап, дауыс берді. Осылайша, біз жаңа Конституциямызды қабылдап, төл тарихымыздың жаңа парағын аштық. Ата заңда халқымыздың сан ғасырлық арман-тілегі, мақсат-мұраты көрініс тапты. Кең байтақ жеріміздің тұтастығы, еліміздің егемендігі, азаматтардың құқықтары және бостандықтары басты құндылықтар деп жазылды.

Заң мен тәртіпті сақтау, білім мен ғылымды, жаңа технологияларды дамыту, тазалықты дәріптеу, табиғатты қорғау, волонтерлік қызметті қолдау конституциялық міндет ретінде айқындалды. Түбегейлі жаңа сипатқа ие болған Ата заңымыз Әділетті Қазақстанның мызғымас жарғысына айналды.

Конституцияда әр адам еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тиіс деп көрсетілді. Себебі, ұлттық нышандарымызды қадірлеу отаншылдық рухының ең биік өлшемі екені сөзсіз. Нағыз патриоттар ғана елдің көшін алға бастайды, жердің шетін жаудан қорғайды. Басқа сөзбен айтқанда, отаншылдық дегеніміз – жеріміздің қауіпсіздігі және тұтастығының кепілі. Ұлт рәміздерінің мәртебесін арттыру, бұл – аса маңызды мемлекеттік жұмыс.

Таяу арада Үкімет мемлекеттік рәміздерді орынды пайдалану мәселесі бойынша қаулыға қажетті түзетулерді енгізеді. Ұлттық нышандарымызды ұлықтау – ортақ парыз, бұл – әр азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, рәміздерді қастерлеу – мемлекетімізді құрметтеу деген сөз.

Құрметті отандастар!

Біз биыл Тәуелсіздіктің 35 жылдығын атап өтеміз. Бұл тарихи кезең жүріп өткен жолымызды жан-жақты терең талдауды және болашаққа стратегиялық жоспар құруды мұқият ойластыру тұрғысынан үлкен мәнге ие. Аталған мерейлі датаны қажырлы еңбекпен және нақты нәтижелермен қарсы алуымыз керек. Биыл тұтас еліміз үшін ауқымды өзгерістерге толы жыл болып отыр. Қазақстан қоғамдық өмірдің барлық саласында соны серпіліске ұмтылған ел ретінде орнықты дамудың даңғыл жолына түсті.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған Конституция – Қазақстанның алдағы ондаған жылдарға арналған басты заңы. Дәл осы Ата заң халқымызды әлемдік өркениеттің жаңа белестеріне бастайды. Технологиялық жетістіктер, саяси дүрбелендер, әскери қақтығыстар белең алып жатқан қазіргі дәуірде Негізгі заңымыздың жол нұсқаушы темірқазық ретіндегі маңызы еселене түседі.

Еліміздің бас құжаты – Конституция 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Тамыз айында бір палаталы Құрылтай сайлауы өтеді, ал қыркүйекте Қазақстан Халық Кеңесі құрылады.

Осылайша, біз ауқымды өзгерістер кезеңіне аяқ басамыз. Қазірдің өзінде халқымыздың болмысы, құндылықтары, сана-сезімі, тіпті, дүниетанымы өзгеріп жатыр. Азаматтарымыздың басым көпшілігі заңға құрметпен қарау, қоғамдық тәртіпті нығайту стратегиясын қолдайды, сондай-ақ, «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысады.



Алайда, бұл әр жетістікке мәз болып, жайбарақат отыратын заман емес. Біз биік мақсаттарға ұмтылып, тек қана алға – жарқын болашаққа қарай жүріміз керек. Келешекке зор сеніммен қарап, Қазақстанды шын мәнінде өркениетті мемлекетке айналдыруымыз қажет.

Қазір біз бір ел болып жасампаздық жолына түстік: қоғамымызда жаңа идеялар, жаңа тұлғалар, отаншыл азаматтардың жаңа буыны пайда болуда. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай игі үрдісті қолдаймын. Мұны ел ішінде жасалып жатқан реформалардың айқын көрінісі деп санаймын.

Халқымыздың ауызбіршілігін нығайту басты мақсатымыз болып қала береді. Бұл – елдің табысты дамуының бірден-бір шарты, тиімді әрі ұзақмерзімді факторы.

Реформалардың бастапқы кезеңінде еліміздегі көзі ашық және ілгері қоғамдық-саяси күштер жалпыұлттық құндылықтар мен мақсаттар аясында бірігуі қажет деп санаймын. Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құру, мемлекеттілігімізді нығайту ісінде табысқа жете аламыз.

Еліміздің Егемендігі, Тәуелсіздігі – ең маңызды, ең қастерлі құндылығымыз.

Біз өркениетті әрі озық ойлы ұлт ретінде өзімізге сенімді болуымыз керек. Ешкімге жалтақтамай батыл әрекет етуіміз қажет. Бұдан басқа жол жоқ. Мақсаты айқын, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарымыз мемлекет тағдырына жауапты екенін терең түсінеді. Олар еріктілер қатарына қосылып,

қайырымдылық жасап, маңызды бастамаларды табысты іске асырып жүр.

Нағыз отаншыл адам көзбояушылыққа бармайды, шын патриот ел мүддесі үшін табанды еңбек етеді. Жасампаз отаншылдық дегеніміз де – осы.

Мемлекет үшін бір күннің қамы емес, болашақтың жайы маңызды. Сондықтан біз Абайдың ұлағатына сай «ақырын жүріп, анық басамыз». Ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, алысқа көз тігеміз. Төл тарихымызға құрметпен қарап, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға баса назар аударамыз.

Бұл бағытта белсенді жұмыс істелуде. Жошы хан жерленген Ұлытау аймағына облыс мәртебесі берілді. Елімізде Жошы ұлысын зерттеу институты құрылды. Біз бұл мекеменің ғылыми әлеуетін күшейте береміз. Көп ұзамай Қазақстан тарихының жеті томдық академиялық еңбегі жарыққа шығады. Оның бір томы түгелдей Алтын Орда тақырыбына арналды.

Бұдан бөлек, біз жаңа Конституцияда қазақ елінің төл шежіресі Ұлы даланың мыңдаған жылдық тарихымен сабақтас екенін айқын көрсеттік. Елордамызда Ұлы дала өркениетіне арналған зәулім ғимарат салынады. Жақында Астанада ЮНЕСКО-ның аясында Алтын Орда мұрасын зерттеу ісіне арналған халықаралық симпозиум өткізілді. Мұның бәрі мемлекеттігіміздің тұғырын нығайта түсуге зор ықпал етеді. Алтын Орда өзінің басқару институттары, дипломатиялық қызметі, байланыс және

кеден жүйесі, әлемде мойындалған валютасы, озық инновациялары бар орта ғасырдағы алып ел болды.

Қазір Қазақстанда берік орныққан президенттік басқару үлгісі Алтын Орда кезінде құрылған саяси жүйеден бастау алады. Алтын Орданың ең басты мұрасы – оның мызғымас құндылықтары. Себебі, алып мемлекетте діні, тілі, мәдениеті, дәстүрі бөлек адамдар ортақ ережелер аясында тату-тәтті өмір сүрді. Бабаларымыздың осындай тағылымды жолы біз үшін өшпес өнеге және басты стратегиялық бағдар болып қала береді.

Алтын Орданың жетістігі Еуразиядағы көптеген халықтың ортақ игілігі саналады. Сондықтан Ұлық Ұлыстың мұрагері ретінде біз Еуразияның біртұтастығын, өсіп-өркендегенін, ондағы мемлекеттердің барлығы тату-тәтті ғұмыр көшіп, ортақ қауіпсіздікті сақтап, халықтарының игілігі үшін қызмет еткенін құптаймыз.

Біздің мақсатымыз – өзгелердің таптаурын болған тәжірибелері мен идеяларын үлгі-өнеге етпеу, өнбейтін дау-дамайдан бойды аулақ салу. Сонымен бірге өткен ұлы дәуірдің құндылықтарын ой елегінен өткізіп, сапалы түрде жаңғыртып, заманауи өркениетке қарай бейімдеу.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиялары дамудың бұрын-соңды болмаған үлгісі мен тәсілдеріне жол ашатын жаңа әрі шексіз кеңістік қалыптастырды. Мыңның біріне берілетін дәл осы тарихи мүмкіндікті төл қуатты, күшті, болашаққа бағдар түзеген халықтар пайдалана алады.

Бұл міндетті еңсеру біздің өскелең ұрпақтың қолынан келеді. Мен бұған сенімдімін.

Қазақстанның орнықты дамуының негізінде ұлы тарихымыз, одан кем түспейтін қазіргі сәт және, ең бастысы, жарқын болашақ арасындағы ажырамас байланыс жатыр.

Қазір Қазақстан жаңа тұрпатты елге айналды. Біз біртұтас әрі жасампаз ұлт ретінде дамудың даңғыл жолына түстік. Кейінгі жылдарды еліміз үшін тарихи бетбұрыс кезеңі деуге толық негіз бар. Ауқымды реформалар барлық салаға тың серпін беруде. Түбегейлі өзгерістер, әсіресе, қоғамдық санаға зор сілкініс әкелді. Ішкі саясаттың мазмұны жаңарды, бағыт-бағдары айқындала түсті. Ел ішінде жанашырлық, еңбекқорлық, ұқыптылық, үнемшілдік қасиеттері орныға бастады. Азаматтарымыздың көзқарасы және ұстанымы өзгеруде. Халқымыз Әділетті, Мәдениетті, Таза және Қауіпсіз елде өмір сүруді қалайды. Сондықтан жұртымыз тәртіп бұзушылыққа, заңсыздыққа тұтас қоғам болып тосқауыл қоюда. Алайда, алдымызда тұрған жұмыс – өте ауқымды. Бұл жұмысты бәріміз бір ел, біртұтас халық болып міндетті түрде ойдағыдай орындаймыз.

Құрметті жас сарбаздар!

Мен бытыр әскери оқу орындарының үздік түлектерін қолдау жөнінде бастама көтердім. Оларға қалыптасқан дәстүрге сай «лейтенант» емес, «аға лейтенант» шенін тапсыру қажет екенін айттым. Соған сәйкес нақты тапсырма бердім. Міне, бүгін осы бастама нақты жүзеге асырылмақ. Сіздер оқуды бітіріп, бірден «аға лейтенант» шенін алатын тұңғыш түлек боласыздар. Бұл – өздеріңізге артылған зор сенім және үлкен жауапкершілік.

Қазақтың біртуар батыры Сағадат Нұрмағамбетовтың «атақты алғаннан оны арқабап жүру қиын» деген сөзі бар. Шын мәнінде, нағыз сарбаздың абырой-беделі оның шенімен емес, ең алдымен, Отан алдындағы мінсіз қызметіне қарай өлшенеді. Көптеген жастарымыз сіздерге қарап бой түзейді, үлгі алады. Бәріңіз де антқа адал болып, қазақ сардары деген атаққа әрдайым лайық боласыздар деп сенемін. Бүгін алқалы жиынға озат түлектердің ата-аналары да қатысып отыр. Сіздер Қазақстанның дәл осындай отаншыл азаматтарына тәлім-тәрбие бердіңіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Жас офицерлердің алғашқы әскери шені құтты болсын! Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Туымыз әрдайым көкте желбіресін! Қазақ елі мәңгі болсын!



ПРЕЗИДЕНТ ГОНКОНГ АРНАЙЫ ӘКІМШІЛІК АУДАНЫНЫҢ БАСШЫСЫ ДЖОН ЛИМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Қытай Халық Республикасы Гонконг Арнайы әкімшілік ауданының Басшысы Қазақстанға алғаш рет келіп отырғандықтан бұл сапардың маңызы айырықша екенін айтты.

— Бұл уақиға Қазақстан мен Гонконг кеңінен алып қарағанда, мәңгі жан - жақты стратегиялық серіктестік байланыстыратын Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретіні сөзсіз. Елдеріміздің арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог орнаған, сауда - экономикалық және инвестициялық ықпалдастық қарқынды дамып келеді. Гонконгпен қарым-қатынасымыз туралы да дәл осылай айтуға болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестиция, инновация, технология және халықаралық сауда салаларында әлеуеті зор Гонконг әлемде жетекші қаржы және іскерлік орталықтардың бірі ретінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Президент бұл сапар өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға, іскерлік қарым - қатынасты кеңейтуге және инвестиция,



қаржы, цифрландыру, жасанды интеллект, көлік - логистика бағыттарында бірлескен перспективті жобаларды жүзеге асыруға жол ашатынына сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ, Қасым - Жомарт

Тоқаев Қазақстанға салмақты бизнес-делегациямен бірге келгені үшін мәртебелі мейманға ризашылығын білдірді. Бұл Гонконг іскерлік қауымдастығының елімізбен ынтымақтастықты арттыруға үлкен қызығушылық

танытып отырғанын байқатады. Джон Ли қонақжайлық көрсеткені үшін Президентке алғыс айтып, Гонконгтың Қазақстанмен кешенді ықпалдастықты одан әрі тереңдетуге дайын екенін рас-

тады.

— Аталған сапарға ерекше мән беремін. Менімен шетелге шыққан делегациялардың ең ауқымдысы осы болды. Оның құрамына логистика, «жасыл» энергетика, тау-кен өнеркәсібі, инновация мен технология және білім беру сияқты басты салаларда еңбек ететін 75 ресми тұлға мен кәсіпкер енді, — деді Джон Ли.

Гонконг Әкімшілігінің Басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Бір белдеу, бір жол» бастамасы екі ел арасындағы берік әрі достық байланыстардың жарқын көрінісіне айналғанына тоқталды.

Оның айтуынша, Қытай Халық Республикасының арнайы әкімшілік ауданы саналатын Гонконг аталған бастаманы ілгерілетуге белсенді түрде атсалысып келеді. Сонымен қатар өңіраралық байланыстардың кеңеюі қалаға елеулі артықшылық береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джон Ли екіжақты күн тәртібіндегі бірқатар нақты мәселені талқылап, сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі жандандыруға өзара мүдделі екенін растады.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ҮКІМЕТТЕ ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында өндірістегі қауіпсіз еңбек жағдайлары мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралды. Онда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев, төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, сондай-ақ, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары мен Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының әкімдері баяндама жасады.

Премьер - министр Президент еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері баса назар аударатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы сәуір айында Қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы Заңға қол қойды. Еңбек заңнамасындағы қолданыстағы нормалар жаңартылуда. Осы шаралардың барлығы еңбек қауіпсіздігі саласындағы заңнамалық базаны жетілдіруге, жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға және жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Төтенше жағдайлар министрлігінің деректері бойынша жыл басынан бері 570 кәсіпорында тексеру жүргізіліп, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының 10,4 мыңнан астам бұзушылығы анықталған. Әкімшілік жауапкершілікке 523 лауазымды тұлға тартылып, салынған айыппұлдардың жалпы мөлшері 62,9 млн. теңгені құрады. 7 субъектінің қызметі және 695 объект пен техникалық құрылымы пайдалану тоқтатылды. Қауіпті өндірістік нысандарда жыл басынан бері 12 апат тіркелген, оның салдарынан 5 қызметкер қаза тауып, 6 адам жарақат алған.

Премьер-министр жұмыс берушілер кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін одан әрі қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауы қажет екенін баса айтты. Осыған байланысты Еңбек министрлігі өндірістік жарақат алу көрсеткіші бойынша барлық ірі кәсіпорындардың басшылары үшін KPI енгізуі



қажет. Оның орындалмай қалуы басшылықтың жалақысына және жалпы жұмыста қалуына тікелей әсер етеді.

Қауіпсіздікке, автоматтандыруға және цифрландыруға салынған инвестициялардың қайтарымы да, әдетте бірнеше есеге жоғары екені атап өтілді.

Бұл ретте еліміздің жеке-леген кәсіпорындарындағы өнеркәсіптік қауіпсіздіктің қазіргі деңгейінде белгілі бір тәуекелдер бар.

Олардың дені тозығы жеткен жабдықтарды уақтылы алмастырмау, өндірістік бақылаудың әлсіздігі және заманауи қауіпсіздік жүйелерінің болмауына байланысты туындап отыр. Бұл, ең алдымен, тау-кен, мұнай-газ және химия кәсіпорындарына байланысты. Өнеркәсіптің осы салаларын ерекше бақылауда ұстаған жөн.

Қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтап, жабдықтарды дер кезінде жаңартып отыру қажет. Бұл ретте, персоналды үздіксіз оқыту мен дайындық деңгейі де өте маңызды.

Аталған салада заманауи цифрлық мониторинг, бейнебақылау және өндірістік процесс пен қауіпсіздікті автоматтандырылған бақылау жүйелерін енгізу жұмыстарын жандандыру керек.

Еңбек министрлігінің Еңбек тәуекелдері картасына барлық өндірістік кәсіпорындар, оның ішінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғау параметрлері енгізілген.

Алайда, бұзушылықтар кәсіпорындарда ғана емес, сондай-ақ, құрылыс нысандарында, қоғамдық тамақтану орындарында да болуы мүмкін. Олар ешқандай мониторингпен және жүйелі тексерулермен қамтылмаған.

Сондай-ақ, профилактикалық жұмысты күшейту және шағын және орта бизнес саласындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау қажеттігіне баса назар аударылды. Тексерулердің нәтижелері көрсеткендей, ірі кәсіпорындар анықталған бұзушылықтарды жою шараларын тез арада қабылдайды. Бұл төтенше жағдайлар қаупін азайтады.

Мұндай нысандарда тіпті әрбір жұмыскердің орналасқан жерін көрсететін жүйелер де бар.

Жұмысшылар жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз етіліп, өндірістік процестерді бақылаудың қосымша цифрлық шаралары енгізілуде.

Осындай қағидаттарды барлық өндіріс орындары мен компаниялар басшылыққа алуы қажет екені атап өтілді.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету шараларын одан әрі күшейту мақсатында Премьер-министр бірқатар тапсырма берді:

Бірінші. Еңбек министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Мемлекеттік еңбек инспекциясына кеңейтілген өкілеттіктер беру бөлігінде заңнамалық түзетулер әзірлесін. Бұл ірі кәсіпорындарда ғана емес, сонымен қатар шағын және орта бизнес саласында да еңбек тәртібін нығайтып, қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді.

Екінші. Тұрғын үйлерге жапсарлас салынған немесе солардың ішінде орналасқан

қызмет көрсету ұйымдарына айрықша назар аудару қажет.

Әкімдіктер мен Төтенше жағдайлар министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп, газ баллондарының сақталуы мен пайдаланылуын бақылау үшін қоғамдық тамақтану орындарына тексеру жүргізісін.

Өңір әкімдіктері жұмыс берушілермен бірге ұжымдық шарттарды жасасу бойынша тұрақты жұмыстарды қолға алсын.

Сонымен қатар жұмыскерлерді, оның ішінде құрылыс және қызмет көрсету салаларында оқыс оқиғалардан сақтандыру шарттарына қол қою қамтамасыз етілуге тиіс.

Үшінші. Төтенше жағдайлар министрлігі өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының сақталуын нақты үйлестіруді және қатаң бақылауды қамтамасыз етсін. Берілген нұсқаулар мен ескертулердің орындалуына және олар бойынша тиісті шаралардың қабылдануына ерекше назар аудару қажет.

Төртінші. Төтенше жағдайлар, Өнеркәсіп және құрылыс министрліктері жыл соңына дейін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы цифрлық платформаны енгізу жұмысын аяқтасын.

Бесінші. Еңбек министрлігі жыл соңына дейін «Еңбекті қорғау және қауіпсіздік» сервистік автоматтандырылған жүйесін Денсаулық сақтау, Әділет, Төтенше жағдайлар, Қаржы министрліктерінің және Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша шаралар қабылдасын.

Мемлекет басшысы еңбекті қорғау саласын толық цифрландыру және өндірістегі оқыс оқиғалардың алдын алуға қамтамасыз ету міндетін қойғаны атап өтілді.

«Кәсіптік тәуекелдерді азайтуға, өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударылуға тиіс. Қорыта айтқанда, еңбекті қорғау саласындағы жұмысты күшейтіп, аталған мәселені тұрақты бақылауда ұстау қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары — мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға жүктелді.

4. МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ!

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ - МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР



Мемлекеттік рәміздер – кез – келген тәуелсіз елдің егемендігін, бірлігін, тарихы мен болашағын айқындайтын қасиетті құндылықтар. Олар халықтың ұлттық рухын көтеріп, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері әрбір азамат үшін қастерлі әрі қадірлі болуы тиіс.

Жыл сайын 4 маусым күні елімізде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні атап өтіледі. Бұл күннің тарихы 1992 жылдан бастау алады. Дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Өнұраны бекітіліп, ел өміріндегі маңызды тарихи оқиға ретінде есте қалды. Содан бері мемлекеттік рәміздер тәуелсіздігіміздің айғағына, ұлттық мақтанышымыздың нышанына айналды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – көгілдір түсті тікбұрышты мата. Оның ортасында алтын түсті күн мен қыран бейнеленген, ал сабының тұсында ұлттық өрнек орналасқан. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Көгілдір түс – ашық аспанның, бейбітшілік пен татулықтың белгісі. Күн – өмір мен молшылықтың, ал қыран құс – еркіндік пен биік мақсаттардың символы. Қазақ халқы үшін көк ту – ел тәуелсіздігінің, мемлекет қуатының және халық бірлігінің жарқын көрінісі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов. Елтаңбаның дәл ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – ортақ үйіміз Қазақстанды, еліміздегі түрлі этностардың ынтымағы мен бірлігін білдіреді. Шаңырақтан тараған уықтар күн сәулесіндей жан-жаққа шашырап, береке мен тұрақтылықты меңзейді. Елтаңбаның екі жағындағы қанатты пырақтар ерлік пен қайсарлықтың белгісі болса, жоғарғы бөлігіндегі жұлдыз жарқын болашаққа деген сенімді білдіреді.

Мемлекеттік Өнұран – халқымыздың рухын көтеретін, елдік пен ерлікті дәрпіндейтін ерекше рәміз. Қазіргі Қазақстан Республикасының Өнұраны 2006 жылы қабылданды. Оның негізіне халық арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» әні алынды. Әннің сөзін жазған – Жүмекен Нәжімеденов, мәтінін өңдеуге Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан. Әнінің авторы – Шәмші Қалдаяқов. Өнұран шырқалған сәтте әрбір қазақстандықтың жүрегінде туған елге деген мақтаныш сезімі оянады.

Мемлекеттік рәміздер – жай ғана белгілер жиынтығы емес. Олар халқымыздың сан ғасырлық тарихын, тәуелсіздік жолындағы күресін, ұлттық құндылықтарын және келешекке деген үмітін бейнелейді. Сондықтан әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді өзінің азаматтық борышы деп білуі қажет. Әсіресе, жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыруда мемлекеттік рәміздердің маңызы зор.

Бүгінде көк байрағымыз халықаралық аренада желбіреп, спортшыларымыздың жеңісімен бірге асқақтауда. Елтаңбамыз мемлекеттік мекемелердің төрінен орын алып, елдігіміздің белгісі ретінде қызмет етуде. Ал, Өнұранымыз әлемнің түкпір – түкпірінде шырқалып, Қазақстанның мәртебесін көтеріп келеді. Бұл – әрбір қазақстандық үшін үлкен мақтаныш.

Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздіктің тұғыры, елдіктің еңсесі, ұлт рухының айнасы. Оларды қастерлеу – Отанды құрметтеу деген сөз. Ендеше, Мемлекеттік рәміздер күні әрқайсымызға туған жерімізді, тәуелсіз елімізді мақтан тұтып, оның гүлденуі жолында аянбай еңбек етуге үндейтін ерекше мереке болып қала бермек.

Мемлекеттік рәміздер – мәңгілік елдің мәртебесі, тәуелсіз Қазақстанның асқақ айбыны!

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

ЖЕТІСУДА 35 ЕЛДІ - МЕКЕНДЕ 35 ЖАҢА ТУ ТҰҒЫРЫНАН МЕМЛЕКЕТТІК ТУ БІР МЕЗГІЛДЕ КӨТЕРІЛДІ

Жетісу облысында Мемлекеттік рәміздер күні салтанатты түрде аталып өтті. Негізгі шара ретіндегі Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай «35 ауыл – 35 Ту тұғыры» патриоттық акциясы аясында аудан-қалалардағы 35 елді мекенде бір мезетте телекөпір байланысы арқылы 35 жаңа ту тұғыры ашылып, Ту көтерілді. Бұл ту тұғырлары жергілікті меценаттар мен кәсіпкерлердің қолдауымен орнатылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс көлемінде кеңінен атап өтілген патриоттық іс-шараларға жалпы саны 3,5 мыңға жуық адам қатысты, оның мыңнан астамы облыс орталығында жиналды.

Талдықорған қаласындағы «Жастар» саябағы алаңында биіктігі 92 метрлік ту тұғырында орнатылған Мемлекеттік Туды көтеру салтанаты өтті.

Мерекелік шараға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, мәслихат депутаттары, ардагерлер, мемлекеттік қызметшілер, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер, спортшылар, жастар, қала тұрғындары қатысты.

Мемлекеттік Ту көтерілген сәтте Талдықорған әскери гарнизонының үрмелі оркестрінің сүйемелдеуімен камералық хор мен облыстық филармония әртістері Қазақстан Республикасының Өнұранын орындады. Сонымен қатар жергілікті шығармашылық ұжымдардың орындауында патриоттық әндер шырқалды.

Жалпы, Талдықорғандағы Ту тұғырының биіктігі кездейсоқ таңдалмаған. Оның 92 метр болуы - тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері бекітілген 1992 жылдың символдық белгісі. Мемлекеттік Тудың ұзындығы – 25 метр, ені – 12 метр. Композицияның тұғыр бөлігінде Қазақстан картасы бейнеленген. Ту тұғыры Мемлекеттік Туды автоматты түрде көтеруге арналған арнайы механизммен жабдықталған болат конструкциядан тұрады. Оның жанында салтанатты іс-шараларды өткізуге арналған амфитеатр орналасқан.

Патриоттық акцияға қатысқан өңірдің аудан-қалаларының тұрғындары бұл бастаманың маңыздылығын атап өтіп, пікірлерін білдірді.



Мемлекеттік рәміздер – бізге ата-бабамыздан жеткен мұра әрі біздің басты құндылығымыз. Мемлекеттік Тулардың бір мезетте көтерілгенін көру өте әсерлі болды, - деді Талдықорған қаласындағы №18 мектеп-лицейінің оқушысы Ақжол Нұрәлі.

Мен «Жасыл ел» жастар экологиялық қозғалысының мүшесімін. Бүгін Мемлекеттік Рәміздер күніне арналған шараға қатысуға келдім. Бұл мерекенің біз үшін маңызы зор. Өйткені рәміздер – біздің тарихымызды қадірлеуге, Отанға деген сүйіспеншілікті еселеуге үйрететін еліміздің символы, - деді Талдықорғандағы №12 мектеп - гимназияның оқушысы, волонтер Аяулым Асхатқызы.

Бүгін - біздің ауданымыз үшін ерекше күн. Мемлекеттік Рәміздер күнінде ауылымызға Ту тұғыры орнатылды. Бұл Ту тұғыры ауылға кіре беріс жердегі мәдениет үйі мен спорт кешені орналасқан орталыққа қойылды. Тудың күнде желбіреп тұрғанын көру болашақ чемпиондарға, өнрпаздарға, жалпы ауыл халқына үлкен шабыт беріп, мақсаттарына жетуге талпындырады деп ойлаймын, - деді Қаратал ауданы, Ескелді би ауылының тұрғыны Мұрат Берікболұлы.

Бүгін біздің ауылда жаңа Ту тұғырынан Мемлекеттік Ту көтерілді. Рәміздерді насихаттаудың ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі үлкен. Сондықтан ауылымызда осындай маңызды орын ашылғанынан қуаныштымыз, - деді педагог, Алакөл ауданы, Жыланды ауылының тұрғыны Эльмира Рапилова.

Жоламан ауылында жаңа Мемлекеттік Ту жаңа биік тұғырға көтерілгеніне куә болдық. Көк байрағымыз –

Тәуелсіздігіміздің символы, ел бірлігі мен болашаққа деген сенімнің белгісі. Мемлекеттік рәміздерге көрсетілген құрмет әр азаматтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін арттырады. Ту тұғырын орнату жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудің де маңызды үлгісі деп білемін. Оны орнату жобасына атсалысқан азаматтардың бәріне ризашылығымызды білдіреміз, - деді Кербұлақ ауданы Жоламан ауылының тұрғыны Дидар Диханбаев.

Бүгін ел көлемінде өтіп жатқан Рәміздер күнін біз, Ақсу ауданының тұрғындары лайықты атап өтіп отырмыз. Осы ауданның 5 бірдей елді мекенінде – Егінсу, Матай, Қызылағаш, Арасан, Көшкентал ауылдарында жаңа Ту тұғыры ашылып, олардан Ту биікке көтерілді. Салтанатты шараға әсіресе, жастарымыздың, оқушылардың белсенді қатысқанына қуандық. Бұл олардың ел болашағына деген жауапкершілікті саналы түрде сезінетінін білдіреді, - деді Қызылағаш ауылының тұрғыны Әшімғали Жұмағелді.

«Жеңіс» саябағы - Ескелді ауданындағы ең көрікті орындардың бірі. Бүгін осы жерде Мемлекеттік Туымыздың биік тұғырға көтерілгенін көріп, ерекше толқыдық. Ауыл болып жиналып бәріміз тамашаладық. Көк байрағымыз саябаққа ерекше сән беріп тұр. Осындай сәттер елге деген мақтанышымызды арттыра түседі. Туымыз әрдайым асқақтап, еліміз аман болсын, - деді Қарабұлақ ауылының тұрғыны Сәуле Амантаева.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ
ҚЫЗМЕТІ.

ҚАЗАҚСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖАҢАЛАНАДЫ

Қазақстанда мемлекеттік қызмет жүйесін реформалайтын жаңа заңнамалық түзетулер әзірленді. Жаңа редакциядағы заң саланың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделген. Оның басты мақсаты – мемлекеттік аппаратты халыққа бағдарланған сервистік модельге көшіру, процестерді цифрландыру және қызметшілерді әлеуметтік қолдау. Заңдағы өзгерістер туралы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Қобылан Манап БАҚ өкілдерімен кездесуде баяндады.

Заң жобасындағы ең негізгі өзгерістер:

1. Сервистік модель және «клиентке бағдарлану»

Мемлекеттік қызмет тек еңбек қатынасы болудан қалып, ұлттық басымдықтарды жүзеге асыратын негізгі институтқа айналады. Өтініштерді формалды негіздермен қараудан



бас тартуға тыйым салынады, азаматтар үшін құқықтық және цифрлық кедергілер жойылады.

2. Ауыл әкімдері мен сайланбалы тұлғалардың ерекше мәртебесі

Сайланатын лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметшілердің жеке санатына жатқызылады. Олар: арнайы курстарда оқиды, ротациядан, уақытша басқа органға жіберуден және тәлімгерліктен босатылады, теріс қылықтары үшін қызметтен босату тек тиісті мәслихаттың шешімімен жүзеге асырылады.

3. Кадрларды іріктеу толық цифрландырылады

Іріктеу және басқару процесі «Е-қызмет» жүйесі арқылы онлайн форматқа ауысады. Егер мемлекеттік органда қандай да бір лауазым 3 айдан артық бос тұрса, жүйе оған автоматты түрде конкурс жариялайды. Жастарды мектеп пен ЖОО қабырғасынан бастап мемлекеттік қызметке даярлау институты енгізіледі.

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ "АДАЛ АЗАМАТ" ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ АЯСЫНДА Өңір жастарымен ЕРкін форматта МОТИВАЦИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғимаратында өңір жастарымен «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында еркін форматта мотивациялық кездесу өткізді. Кездесуге университет пен колледждер студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері, волонтерлар, жалпы облыс жастары қатысты. Өңір басшысы жастармен әңгімесінде өз ойын әл-Фарабидің «Қайырымды қала» идеясы, Абайдың «Толық адам» ұғымы, Ахмет Яссауидің рухани ілімі сияқты іргелі постулаттарға сүйене отырып жеткізді. Сол сияқты Мемлекет басшысының дала өркениетінің үлгісі ретіндегі Алтын орда туралы халықаралық симпозиумдағы сөзінің мән-мазмұны мен жастардың ақпараттық-құқықтық сауаттылығының рөлі мәселесіне де егжей-тегжейлі тоқталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Алдымен Мемлекет басшысының Алтын орда тарихын зерделеуге қатысты сөйлеген сөзіне тоқталып, өз мемлекетінің тарихын тану әрбір азаматқа, әсіресе жастар үшін аса қажет екенін айтты. «Далалық өркениетте заң мен тәртіп, өз заманындағы жаңашылдық пен озық идеялар, көшпелілерге тән экологиялық жауапкершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениеті – бәрінің де қалыптасқан берік негізі болды. Біз өткенімізді тану арқылы Ұлы Даланың барлық интеллектуалды, рухани мұраларын бүгінмен сабақтастыра аламыз. Сондықтан төл тарихымызды білу – әрбір жастың қастерлі парызы», - деді Б.Исабаев.

Екінші тұжырым ретінде айтылғаны, Әл - Фараби қайырымды қаланы тек экономикасы дамыған орта ретінде ғана емес, ең бастысы рухани мәдениеті жоғары, адамдары бір-бірін сыйлайтын, ізгілікке ұмтылатын қоғам ретінде

сипаттаған. Сондықтан мұндай идеалды қоғамға әр адам жеке емес, бірлесіп әрекет ету арқылы жететініне тоқталды.

Үшінші, Абайдың толық адам болу үшін ақыл, қайрат және жүрек үшеуінің үйлесімі керектігі жайлы ойы кеңінен талданды.

Төртінші, адамды қарапайымдылыққа, сабырлыққа, қанағатқа және ішкі мәдениетке тәрбиелейтін Яссауи ілімі жайлы сөз болды.

Бесіншіден, көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан кезеңде ақпаратты қабылдау, жақсы-жаман, шын және жалған мәліметті айыра білу, сүзгіден өткізу мәселесі жан-жақты ашылды.

Сол сияқты бүгінгі жаңа заманда жастардың үздіксіз білім алуы, цифрландыру мен IT технологияны меңгеруі, азаматтық сана және құқықтық мәдениетті жетілдіруі туралы кеңінен айтылды. Өңірде жастар тәрбиесіне қатысты қолға алынған менторлық жоба, волонтерлік бастамаларды қолдау шаралары жайлы сөз болды.

- Әл-Фараби қайырымды қоғам туралы, Абай толық адам жайлы, Яссауи рухани тазалық туралы айтты. Ал, бүгінгі Қазақстанға осы үшеуін біріктіретін ұрпақ керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал азамат», «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» идеологиялары осы құндылықтармен үндесіп отыр. Сіздер – Қазақстанның жаңа буынысыздар және жаңа қоғамның авторысыздар. Жастар білімді, құқықтық мәдениеті қалыптасқан саналы болса, еліміздің болашағы мықты болады, - деді Б.Исабаев.

Мұнан соң жастар облыс басшысына өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойды. Сұрақтар жастардың көшбасшылық қабілетін дамыту, мемлекеттік қызметке келуі, жаңа медианың дәстүрлі журналистикадан айырмашылығы, облыстың құрылғаннан бергі жетістіктері сияқты тақырыпта болды.

Кездесуге қатысты жетісулық жастар да өз пікірлерін білдірді.

- Өткен сенбіліктердің бірінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев біздің ұсынысымызбен университетке келемін деп уәде берген еді. Бүгін сол уәдеге сай расында өте қызық кездесу болды. Мен өңір басшысына «Мықты лидер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?» деген сауал қойдым. Бұл кездесуден жастар үлкен мотивация алды деп ойлаймын, - деді Жетісу облысының студенттік омбудсмені Ақерке Қызыбай.

Кездесуге келген жастардың бірі ЖУ-дың 1-курс студенті Меруерт Жолдасбаева да ой қосты.

- Бейбіт Өксікбайұлы өзінің өмірлік тәжірибесімен бөлісті, жаңа заманға сай білімді, парасатты азамат болып қалыптасуға қатысты ақыл-кеңестерін айтты. Маған әсіресе, әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны, уақытты бағалау, күнделікті тәртіпке төселу жөнінде айтқан кеңестері өте ұнады. Мұның бәрі де менің алдағы өмірімде көдеме жарайтын пайдалы мәліметтер болғанынан қуандым, - деді ол.

Осы күні облыс әкімі университет ғимаратында студенттердің ғылымдағы, спорттағы жетістіктері паш етілген көрмемен танысты.

Атап өтсек, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 117 білім беру бағдарламасы бойынша 6 мыңнан астам студент білім алуда. ЖУ – өңірдегі жалғыз жоғарғы оқу орны. Өткен жылдың шілде айында университет базасында Италияның Марке политехникалық университетінің (Marche Polytechnic University) филиалы ашылған болатын. Бұл маңызды бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылды.

Жалпы, облыста 14 пен 35 жас аралығындағы 186 132 жас тұрады, яғни халық санының 27% құрап отыр, ал оның 83 035-і қалалық жерде, 103 097-і ауылда тұрады. Өңірде 11 жастар ресурстық орталығы бар. Сол сияқты 18 жастар ұйымы жұмыс істейді, олардың 8-і республикалық мәртебеге ие. Оған қоса қазіргі таңда облыс бойынша 1 100 волонтер тіркелген.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА – 4 ЖЫЛ: 1,4 МЛН. Ш.М. АСТАМ ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Жетісу облысы құрылғаннан бері өңірде 1,4 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы уақыт ішінде 10833 отбасына баспаналы болса, соның ішінде өткен жылы «Жетісу жастары», «Маман» бағдарламаларымен және жалгерлік, несиелік тұрғын үйлер берілді, сол сияқты әлеуметтік осал топтарға баспана сатып алынды, тұрғындар апатты үйлерден көшірілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Биыл өңірде тұрғын үймен 3 мыңнан астам отбасын қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Мәселен, бүгін Халықаралық балаларды қорғау күнінде Ақсу ауданының Жансүгіров ауылында 57 отбасы жаңа пәтерлер мен жеке тұрғын үйлердің кілттерін қолына алып, баспаналы болу қуанышына кенелді.

- Тұрғын үй кезегінде 2017 жылдан бері тұрдым, 1 топ мүгедегімін. Бүгін көптен күткен екі бөлмелі пәтерімнің кілтін алдым. Тұрғын үй мәселесін шешуде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаңызға жаңа шаңырақта бақ-береке мен амандық тілеймін, - деді.

Тағы бір жергілікті тұрғын Диана Сұлтанғазина да тілегін білдірді:

- «Жетім балалар» санаты бойынша тұрғын үй кезегінде 6 жыл тұрдым. Ата-анамнан ерте айырылдым, бүгінде өзім де ана атанып отырмын. Осындай мерекелі күні өз пәтерімнің кілтін алғаным өте қуаныштымын. Баршаңызды мерекемен және қоныс тойымен құттықтаймын, - деді ол.

Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғаннан бері Ақсу ауданын-



Қоныстанушылардың қатарында көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектігі бар азаматтар, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, зейнеткерлер және басқа да санаттағы тұрғындар бар.

Жаңа қоныс иелерінің Жансүгіров ауылының тұрғыны Гүлмира Оспанова:

да тұрғын үймен 200-ге жуық тұрғын қамтамасыз етілді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотографтар: Женис Ыскабай, Дмитрий Ерофеев, сол сияқты фотосуреттерді Ақсу ауданының әкімдігі ұсынды

Жетісу облысында көктемгі егіс науқаны толық аяқталды. Атап айтқанда, жоспарланған 388,0 мың гектар жаздық дақылдар түгелдей себілді. Биыл жалпы ауылшаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 511,8 мың гектарды құрап отыр, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, жаздық дәнді дақылдар – 165,5 мың га, дәндік жүгері – 54,2 мың га, майлы дақылдар – 105,7 мың га, қант қызылшасы – 13,0 мың га, картоп – 6,6 мың га, көкөніс-бақша дақылдары – 8,4 мың га, мал азықтық дақылдар 33,6 мың га себілді. Қазіргі уақытта себілген дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, қант қызылшасы, майбұршақ және дәндік жүгері алқаптары арамшөптер мен зиянкестерге қарсы пестицидтермен өңделіп, суару алдында минералды тыңайтқыштар беріледі.

ЖЕТІСУДА КӨКТЕМГІ ЕГІС НАУҚАНЫ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛДЫ



- Бүгінгі күнге 66,7 мың гектар басымды дақылдар арамшөптерге қарсы гербицидпен өңделді. Дақылдарды тыңайтқышпен қоректендіру жұмыстары 44,8 мың гектар егістікте жүргізілді. Көктемгі дала жұмыстарына бөлінген шаруашылықтарға дизель отынының 2,7 мың тоннасы шаруа қожалықтарына таратылды, бұл жұмыс жалғасуда. Сол сияқты «Аграрлық несиелік компаниясы» егіс жұмыстарына 367 шаруашылыққа 9,1 млрд. теңге несиелік берді, өтінімдерді қарастыру жалғасып жатыр. Суармалы су барлық аудандарға берілді. Көктемгі дала жұмыстары мен вегетациялық кезеңнің өтуі облыс басшылығының тұрақты бақылауында, - деді басқарма басшысы Н.Кененбаев.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фототілші: Дмитрий Ерофеев.

МӘДЕНИЕТ - ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ



Аудандық Қобызшы Молықбай Байсақұлы атындағы мәдениет үйінде Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Руханият саласының өкілдерін ұлықтаған мерекелік шараға аудан әкімі Берік Тынышбаев қатысып, мәдениет пен өнер саласында еңбек етіп жүрген азаматтарды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Салтанатты жиында сөз сөйлеген аудан басшысы мәдениет саласы қоғамның рухани дамуы мен ұлттық құндылықтарды сақтауда ерекше орын алатынын атап өтті.

– Мәдениет – ұлттың рухани келбеті мен тарихи жадын сақтайтын маңызды сала. Халқымыздың бай мұрасын дәріптеп, ұлттық өнер мен салт-дәстүрді кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық. Сіздер ауданымыздың мәдени өмірін жандандырып, тұрғындардың рухани дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер, – деді аудан әкімі.

Өз сөзінде аудан басшысы соңғы жылдары мәдениет саласын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды. Бүгінде мемлекет тарапынан мәдениет саласына ерекше қолдау көрсетіліп, аудан көлемінде мәдени инфрақұрылымды дамытуға

бағытталған ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, Ақсу, Көшкентал және Қапал ауылдық мәдениет үйлері күрделі жөндеуден өткізіліп, заманауи талаптарға сай жаңартылып, халық игілігіне қайта берілді. Биыл Матай және Есеболатов ауылдарында жаңа мәдениет үйлері пайдалануға тапсырылып, ауыл тұрғындарының рухани өміріне серпін берді. Сонымен қатар Арасан ауылында жаңа

мәдениет үйінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Салтанатты жиын барысында мәдениет пен өнер саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер аудан әкімінің "Алғыс хаттарымен" және "Құрмет Грамоталарымен" марапатталды. Марапат иелеріне олардың көп жылғы еңбегі, кәсіби шеберлігі және ауданның мәдени өмірін дамытудағы белсенді қызметі үшін алғыс білдірілді.

Мерекелік шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты. Концерт барысында ән - күйден шашылып, ұлттық және заманауи шығармалар орындалды. Өнер ұжымдары мен жеке орындаушылар өз өнерлерін ортаға салып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын мәдениет саласы мамандарының еңбегіне көрсетілген құрметтің жарқын көрінісіне айналып, руханият қызметкерлеріне жаңа серпін мен шабыт сыйлады.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ.



РАҚЫМ ТӘЖІБАЕВ – КҮЙ ӨНЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ



Рақым Тәжібаев – қазақтың дәстүрлі күй өнерін биік деңгейге көтерген әйгілі домбырашы, күйші әрі сазгерлердің бірі. Ол ұлттық өнердің қадір-қасиетін сақтап қана қоймай, күйшілік мектептің дамуына зор үлес қосқан өнер иесі ретінде халық жадында қалды. Рақым Тәжібаев 1946 жылы 28 мамырда Қытайдың Құлжа өңірінде дүниеге келген. Кейін ата-анасымен бірге тарихи Отанына оралып, Ақсу ауданындағы Сағабұйын ауылында өсіп - өнді. Болашақ күйшінің өнерге деген құштарлығы ерте оянды. Оның әкесі домбыра шертіп, халық әндерін айтатын өнерлі жан болғандықтан, Рақым бала кезінен күй әлеміне жақын тәрбиеленді. Жас таланттың алғашқы ұстазы Қазақстанның халық әртісі Рүстембек Омаров болды. Ол домбыра өнерінің қыр-сырын меңгеріп, кейін кәсіби музыкалық білім алды. Домбыра бөліміне түскен талапкерлердің ішінен ерекше қабілетімен дараланып, жалғыз өзі қабылданғаны оның табиғи талантының айқын дәлелі еді. Рақым Тәжібаев шығармашылық жолында «Қазақконцерт» бірлестігінде және сол кездегі әйгілі «Гүлдер» ансамбліне қызмет етті. Оның орындауындағы күйлер терең сезімге, шебер техникаға және ұлттық нақышқа толы болды. Күйші Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет сынды халық композиторларының мұрасын кеңінен насихаттап, қазақ күй өнерінің мәртебесін көтерді. Өнер иесінің орындаушылық мәнері өзгеше болатын. Ол

күйді жай ғана орындап қоймай, тыңдаушыға оның ішкі рухын, тарихын, табиғатын жеткізе білді. Домбырадан тегілген әрбір үн қазақ даласының кеңдігін, халықтың болмысын сездіріп тұратын. Замандастары Рақым Тәжібаевты «күйдің мінезін сөйлете білетін шебер» деп бағалаған. Рақым Тәжібаев тек орындаушы ғана емес, домбыра жасаудың да хас шебері болды. Ол ұлттық аспаптың үн сапасына ерекше мән беріп, домбыраның қасиетін терең түсінді. Оның өнердегі еңбегі жоғары бағаланып, 1990 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі атағы берілді. Сонымен қатар Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі болды. Күйші өмірінің соңына дейін ұлттық өнерге адал қызмет етті. Ол жастарға күй өнерін үйретіп, қазақтың дәстүрлі музыкасын насихаттауға бар күшін салды. Рақым Тәжібаев 2011 жылы дүниеден өтті. Бірақ, оның орындаған күйлері мен өнер жолы қазақ мәдениетінің алтын қорында мәңгі сақталады. Рақым Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығы – ұлттық өнерге деген шексіз сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Оның күйлері домбыраның қос ішегінен тегілген тарих пен халық рухының үніндей болып, келер ұрпаққа рухани мұра болып қала береді.

Е.ЕСТАЕВ,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының архивисті.

Ақсу ауданында тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстар өз нәтижесін беруде. Жуырда аудан орталығы Ілияс Жансүгіров ауылында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға жаңа баспаналардың кілтін табыстау рәсімі өтіп, ондаған отбасының көптен күткен арманы орындалды.

Тұрғын үй – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды әлеуметтік қажеттіліктердің бірі. Өз шаңырағына қол жеткізу – отбасының тұрақтылығы мен болашаққа деген сенімін нығайтатын үлкен қуаныш. Осы орайда, Ақсу ауданында өткен кезекті қоныс тойы аудан тұрғындары үшін айтулы оқиғаға айналды.

Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын арттыру, тұрғын үй қолжетімділігін кеңейту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында аудан көлемінде ауқымды құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Биыл аудан бойынша жалпы саны 116 тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде 60 пәтерлі тұрғын үй мен 56 жеке тұрғын үй бар. Солардың 57-сінің кілті бүгін тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға салтанатты түрде табысталды.

Жаңа баспаналарға ие болғандардың қатарында көпбалалы отбасылар, әлеуметтік осал топ өкілдері және тұрғын үйге мұқтаж азаматтар бар. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған әлеуметтік қолдаудың нақты көрінісі әрі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам.

Салтанатты жиынға қатысқан аудан әкімі жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен құттықтап, тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік қолдау шаралары алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті.

– Баспана – әр отбасының бақыты мен

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН НАҚТЫ ҚАДАМ



берекесінің бастауы. Бүгін жаңа үйдің кілтін алып отырған азаматтардың қуанышы – бүкіл аудан тұрғындары үшін ортақ қуаныш. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың арқасында ауданымызда тұрғындарды тұрғын үймен қамтамасыз

ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Сонымен қатар ауданымызға қызмет ету үшін келген медицина мамандарын қолдау мақсатында қызметтік тұрғын үйлер беру

– халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі, – деді аудан басшысы.

Шара барысында тағы бір игі бастама жүзеге асырылды. Аудандық денсаулық сақтау саласының кадрлық әлеуетін нығайту мақсатында өңірге қызметке келген бес дәрігерге қызметтік пәтердің кілттері табысталды. Бұл өз кезегінде білікті мамандарды ауылдық жерлерге тартуға, олардың тұрақты еңбек етуіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тұрғын үйлерді заңнама талаптарына сәйкес кезектілік тәртібімен бөлу жұмыстары жүргізілуде. Қалған тұрғын үйлер бойынша құжаттарды рәсімдеу және іріктеу шаралары жалғасып жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстардың ашықтығы мен әділдігі басты назарда ұсталған.

Тұрғындарды баспанамен қамту – мемлекеттің әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі. Ақсу ауданында жүзеге асырылып жатқан мұндай жобалар тұрғындардың әл - ауқатын арттырып қана қоймай, елді мекендердің дамуына, халықтың туған жерге деген сенімінің нығаюына ықпал етеді.

Қоныс тойын тойлаған отбасылар үшін бұл күн – ұмытылмас қуанышқа толы тарихи сәт. Жаңа шаңырақ иелерінің жүзіндегі шаттық пен ризашылық мемлекет қамқорлығының нақты нәтижесін көрсетеді.

Жаңа қоныс иелерін шын жүректен құттықтай отырып, әр шаңыраққа құт - береке, баянды бақыт, молшылық пен ынтымақ тілейміз. Жаңа үйлеріңізде қуанышты күндер көп болып, әр отбасының оты сөнбесін!

Ербол СЫМХАНОВ.

БАЛАЛАР КҮЛКІСІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН ҮНІ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Ақсу ауданында тағылымды да тағдырлы, шаттыққа толы мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Бұл күн аудан тұрғындары үшін тек балалар мерекесімен ғана емес, әлеуметтік маңызы зор қуанышты жаңалықтармен де есте қалды.

Мерекелік думан І.Жансүгіров ауылының орталық алаңында кең көлемде аталып өтті. Алаң іші шат күлкіге, әсем ән мен әуезді биге толып, бүлдіршіндер үшін нағыз қуаныш мекеніне айналды. Түрлі ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылып, балалар өнерлерін ортаға салды. Ән шырқап, би билеген жас өрендер көтеріңкі көңіл күйі сыйлап, мерекенің шырайын аша түсті.

Бұл күні орталық алаңда балалар үшін арнайы батуттар, ойын алаңдары мен қызықты ойын-сауық аймақтары жұмыс істеді. Бүлдіршіндер түрлі сайыстар мен танымдық ойындарға қатысып, белсенділік танытты. Мерекелік шара барысында балаларға сыйлықтар үлестіріліп, көтеріңкі көңіл күйі сыйланды. Аудан кәсіпкерлері де игі іске үлес қосып, сауда орындарын ұйымдастырып,

тәттілер мен балаларға арналған өнімдер ұсынды.

Шынында да, баланың шат күлкісі – қоғамның бақыты мен берекесінің белгісі. Балалардың жүзіндегі қуаныш пен риясыз күлкі әрбір жанға жылулық сыйлап, мерекенің басты мәнін айшықтай түсті.

Айтулы күні аудан орталығында тағы бір маңызды оқиға орын алды. Көптен күткен көпқабатты тұрғын үйлердің кілтін табыстау рәсімі өтіп, бірқатар отбасы жаңа баспаналы болды. Бұл қуанышты сәтке аудан әкімі қатысып, тұрғындарды айтулы жаңалықпен құттықтады. Әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында жүзеге асып жатқан мұндай игі бастамалар – өңірдің даму қарқынының нақты көрінісі.

Балаларды қорғау күніне арналған салтанатты шара барысында І.Жансүгіров ауылдық округінің әкімі Ілияс Мұсабаханов аудан тұрғындары мен бүлдіршіндерді мерекемен құттықтады.

— Құрметті ақсулықтар! Қадірлі балалар мен ата-аналар! Сіздерді 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл ме-

реке – балаларға деген ерекше қамқорлық пен сүйіспеншіліктің, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға деген жауапкершіліктің айқын көрінісі. Әрбір баланың бақытты балалық шақта өсіп, сапалы білім мен тәрбие алып, өз қабілеттерін толық жүзеге асыруына жағдай жасау – мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі, – деді ол өз сөзінде.

Сондай-ақ, округ әкімі балалардың ел болашағы екеніне тоқталып, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру – барша қоғамның ортақ міндеті екенін атап өтті.

Мерекелік құттықтау соңында бүлдіршіндерге ақжарма тілегін арнап:

— Қымбатты балалар! Сіздерге зор денсаулық, жарқын болашақ, оқуда табыс, асқақ армандар мен биік белестер тілеймін. Әрдайым ата-аналарыңыздың, ұстаздарыңыздың мақтанышы болып, ел игілігі жолында қызмет ететін білімді де саналы азамат болып өсіңіздер! Мереке құтты болсын! Әр шаңыраққа шаттық, береке және бақыт тілеймін! – деп ізгі ниетін білдірді.

Балаларды қорғау күні – тек мерекелік шаралармен шектелетін күн емес. Бұл – өскелең ұрпаққа деген қоғамның жауапкершілігін еске салатын, бала құқығы мен бақытына басымдық беретін маңызды мереке. Ақсу ауданында өткен мерекелік іс-шаралар осы ұстанымның нақты көрінісіне айналды.

Балалық шақтың бояуы қанық, болашағы жарқын болуы – ел ертеңінің кепілі. Сондықтан әрбір бүлдіршіннің арманы асқақ, қадамы нық, өмір жолы бақытқа толы болғай.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ



1 маусым – балаларды қорғау күніне орай «Жанұя» отбасын қолдау орталығында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – балалардың көңіл-күйін көтеру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ, қамқорлық пен мейірімділікті дәріптеу болды.

Мерекелік іс-шараға балалар мен ата-аналар қатысып, көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды әсерге бөленді. Бағдарлама аясында балаларға арналған қызықты ойындар ұйымдастырылып, түрлі танымдық әрі көңіл көтеру шаралары өткізілді. Балалар белсенділік танытып, өз өнерлерін мен қабілеттерін ортаға салды.

Іс-шараның ашылуында Жансүгіров ауылдық округінің әкімі І.Мұсабаханов сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, балалардың амандығы мен бақытты болашағы қоғамның басты құндылығы екенін атап өтіп, жас ұрпаққа зор денсаулық, сапалы білім және жарқын болашақ тіледі.

Сонымен қатар «Жанұя» отбасын қолдау орталығының директоры К.Дәулетбекова балаларды мерекемен құттықтады, оларға ізгі тілектерін жеткізді. Мереке аясында бүлдіршіндерге арнайы сыйлықтар мен балмұздақтар таратылып, қуаныш сыйланды.

Шара барысында ұлттық ойындар ойнатылып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған сайыстар өткізілді. Өнерлі балалар ән айтып, қатысушылардың белсенділігі мен шат көңіл-күйі мерекенің көркін аша түсті.

Балаларды қорғау күніне арналған мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың жан-жақты дамуына, олардың бойында достық, ұйымшылдық және мейірімділік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. «Жанұя» отбасын қолдау орталығы алдағы уақытта да балалар мен отбасыларды қолдауға бағытталған жұмыстарын жалғастыра бермек.

Балалардың жарқын күлкісі мен бақытты балалық шағы – қоғамның басты байлығы. Сондықтан әрбір баланың алаңсыз өсіп, сапалы білім алып, өз қабілетін дамытуына жағдай жасау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

С.АЙМҰХАНОВА,
бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен жұмыс маманы.

Қоғамның өркениеттілігі мен адамгершілік деңгейі оның мүмкіндігі шектеулі азаматтарға деген көзқарасымен өлшенеді. Әрбір адамның өмір сүруге, білім алуға, еңбек етуге және қоғам өміріне белсене араласуға тең құқығы бар. Осы қағиданы басты ұстаным еткен «AMANAT» партиясы елімізде ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Осы игі бастамалардың бірі – «Кедергісіз келешек» жобасы. Жоба аясында Ақсу аудандық мәдениет үйінде ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған тағылымы мол, жүрекке жылу сыйлаған мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарға рухани қолдау көрсету, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру, өмірге деген құлшынысын нығайту және ең бастысы, қоғам назарын инклюзивті орта қалыптастыру мәселесіне аудару болды.

Мәдениет үйіне жиналған қонақтарды көтеріңкі көңіл күйімен ерекше жылылық қарсы алды. Сахна төрінде «AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен «Кедергісіз келешек» жобасы» атты тақырып орналастырылып, шараның мәні мен маңызын айшықтай түсті. Залға жиналған қауым арасында ерекше жандармен қатар олардың ата-аналары, қамқоршылары, ардагерлер, қоғам белсенділері мен мекеме басшылары қатысты.

Іс-шараның ашылу салтанатында жүргізуші қайырымдылық пен қамқорлықтың, жанашырлық пен мейірімнің қоғамдағы орны туралы әсерлі ой қозғап, ерекше жандардың өмір жолындағы қайсарлығы мен төзімділігі баршаға үлгі екенін атап өтті.

Шара барысында сөз алған аудан әкімінің орынбасары мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, олардың өмір сапасын жақсарту – басты міндеттердің бірі екенін жеткізді. Сонымен қатар, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың қоғам өміріне белсенді араласуына жағдай жасау мәселесі әрдайым назарда болатынын айтты.

Келесі кезекте аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның «Құрметті азаматы» Амантай Айтбайұлы Айтбаев сөз алып, қоғамның бірлігі мен адамгершілік құндылықтарының маңыздылығына тоқталды. Ол өмірдің түрлі сынақтарына мойымай, алға ұмтылып жүрген азаматтардың табандылығы мен

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕККЕ БАСТАР ИГІ ҚАДАМ



қайсарлығы жас ұрпаққа үлкен өнеге екенін ерекше атап өтті.

Ақсу ауданының Құрметті азаматы, аудандық «Жанұя» отбасы қолдау орталығының директоры Күлешхан Тұрсынбекқызы Дәулетбекова өз сөзінде ерекше қажеттілігі бар азаматтарды қолдау тек мемлекеттік мекемелердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін айтты. Сондай-ақ, отбасының, жақындарының және қоғамдық ұйымдардың қолдауы ерекше жандардың өмірге деген сенімін арттыратынын жеткізді.

Шарада сөз сөйлеген ауданның белсенді азаматтары мен қоғам қайраткерлері мүмкіндігі шектеулі жандардың бойындағы өмірге деген құштарлық, еңбекқорлық пен төзімділік қасиеттерін жоғары бағалап, оларға ақжарма тілектерін білдірді.

«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Алма Жанатбекқызы Құрманғалиева партияның әлеуметтік бағыттағы жобалары туралы айтып, «Кедергісіз келешек» бастамасының мақсаты қоғамда барша азаматтарға тең мүмкіндік қалыптастыру екенін атап өтті. Оның айтуынша, ерекше қажеттілігі бар азаматтардың мәселесі әрдайым партия назарында болып келеді және бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Шараның ең әсерлі бөлімдерінің бірі – марапаттау рәсімі болды. Қоғамдық өмірге белсенді араласып жүрген, түрлі салада жетістікке жеткен және өзгелерге үлгі бо-

лып жүрген азаматтарға құрмет көрсетіліп, «Алғыс хаттар» мен сый - сияпаттар табысталды. Бұл олардың еңбегіне берілген лайықты баға ғана емес, өзгелерге жігер сыйлайтын өнегелі іс болды.

Шараның жоғары деңгейде өтуіне азаматтық белсенділігімен және қайырымдылыққа деген жанашырлығымен танылып жүрген Қарашілік бастауыш партия ұйымының төрағасы Сапарғали Қыдырұлы Темірбеков ерекше үлес қосты. «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ұйымдастырылған игі шараның бас демеушісі болған ол мүмкіндігі шектеулі азаматтарға сый-сияпат пен базарлықтар әзірлеу мақсатында өз қаражатынан 200 мың теңге көлемінде демеушілік көмек көрсетті.

Бұл игі іс – тек материалдық қолдау ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік жауапкершіліктің, жанашырлық пен адамгершіліктің жарқын көрінісі болды. Ерекше жандарға қуаныш сыйлап, олардың жүздеріне күлкі ұялатқан мұндай қайырымды қадам көпшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Марапаттау рәсімі барысында Қарашілік бастауыш партия ұйымының төрағасы Сапарғали Қыдырұлы Темірбековтің қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, қайырымдылық бағытындағы бастамаларға тұрақты қолдау көрсетіп жүрген еңбегі ерекше атап өтілді. Осы орайда оған «AMANAT» партиясының «Алғыс хаты» табысталаып, аудан тұрғындары атынан шынайы ризашылық білдірілді.

Қайырымдылық – жүректен шығатын

қасиет. Сапарғали Қыдырұлының бұл игі бастамасы қоғамдағы ынтымақ пен бірліктің, өзара қолдау мен қамқорлықтың нақты үлгісіне айналды. Осындай азаматтардың арқасында әлеуметтік маңызы зор жобалар жүзеге асып, мұқтаж жандарға қуаныш пен үміт сыйлануда.

Мерекелік кештің көркін аудан өнерпаздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарлама аша түсті. Әсем әндер шырқалып, жүрекке жылы әсер сыйлайтын музыкалық шығармалар орындалды. Өнерпаздардың өнеріне ризашылық білдірген көрермендер ерекше әсер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

Шара барысында айтылған әрбір сөз, көрсетілген әрбір құрмет пен қамқорлық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Өйткені шынайы қамқорлық – үлкен өзгерістердің бастауы. Ал, мейірім мен жанашырлық үстемдік құрған қоғамда ешкім өзін жалғыз сезінбейді.

Бүгінде елімізде ерекше қажеттілігі бар азаматтарға қолайлы орта қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Инклюзивті білім беру, кедергісіз инфрақұрылым құру, жұмыспен қамту мәселелерін шешу және әлеуметтік қолдауды күшейту – осының айқын дәлелі. Мұндай бастамалар қоғамдағы адам түсіністік пен бірлікті нығайтып, әр азаматтың өз әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

«Кедергісіз келешек» жобасы – атауына сай үлкен мағынаға ие бастама. Бұл тек бір күндік іс-шара емес, ол – адамдар арасындағы сыйластықты, қамқорлықты және тең мүмкіндіктер қағидатын дәріптейтін маңызды әлеуметтік жоба. Осындай игі шаралар арқылы қоғамда адам тағдырына деген жауапкершілік артып, ерекше жандардың өмірге деген сенімі нығая түседі.

Шын мәнінде, кедергісіз келешек – бәріміздің ортақ мақсатымыз. Өйткені, қоғамның күші оның әлсіз мүшелеріне көрсеткен қамқорлығымен өлшенеді. Ал, мейірім мен жанашырлық салтанат құрған жерде жарқын болашақтың негізі қаланады.

Күлшира АҚАЙҚЫЗЫ,
«AMANAT» партиясы аудандық филиалының консультанты.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ-ПАРЫЗ

ПАРА АЛҒАН ДА,
БЕРГЕН ДЕ
ЖАУАПТЫ!

CALL CENTER:
1424

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз керек. Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдіру үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге

тиімді болатын бірегей жинағы жоқ, әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет ғұрпы мен салт - дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне байланысты болып келеді.

Халық өздерінің құқықтарын біліп жүруі керек. Азамат пен қоғамның күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың амалын іздеу қажет. Жемқорлықпен күресу еліміздің әрбір азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек.

М.МҰСАНОВ,
аудандық қазынашылық басқарма басшысы.

"АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАР, АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІН НЕМЕСЕ АРХИВТІК ҮЗІНДІЛЕР БЕРУ" МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалы архивисттерінің негізгі міндеті құжаттарды қабылдау, есепке алу, сақтау және пайдалану. Ең өзекті жұмыстарының бірі Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің, жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сұранымдарын қанағаттандыру мақсатында архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер бере отырып, тақырыптық сұранымдарды да орындау болып табылады. Архив мекемелері берген архивтік анықтамалар, архивтік үзінділер, архивтік көшірмелер түпнұсқалық заңды күші бар ресми құжат болып табылады.

«Архив ісі» саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығы негізінде архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беріледі, мемлекеттік қызмет көрсету осы қағиданың 2 - қосымшасының 6 - тармағына сәйкес тегін көрсетіледі.

Барлық азаматтарға архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алу, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру: белгіленген нысан бойынша өтінішпен



көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" www.e.gov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Портал арқылы жүгінген кезде өтініштерді қабылдау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс, мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейінгі уақыттар ескеріліп, мемлекеттік қызмет нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Құжаттар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ, порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Жауапты орындаушы құжаттарды алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу себептері

бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен аспайтын мерзімге ұзарту туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді алушы немесе оның уәкілетті өкілі жүгінген архивтік анықтаманы орындау үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

- жеке басты куәландыратын құжат немесе өкілдің нотариалды куәландырылған сенімхаты;
- архивтік анықтаманы алушы үшін растауды қажет ететін мәліметтерді, пошталық мекен-жайын, байланыс телефонын, жеке сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, стандартта көрсетілген нысан бойынша толтырылған өтініш, (болған жағдайда сұрау салынған мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері өтінішке қоса беріледі).

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалына мына мекен-жай арқылы хат жолдауға болады: индекс: 040100, Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 61.

Электрондық пошта: aksu.arhiv@mail.kz

Ж.АМИРБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ақсу филиалының архивисті.

Елімізде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мен халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның ішінде цифрландыру саласын дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру азаматтардың уақытын үнемдеп қана қоймай, мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Бүгінде Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетіледі. Бұл бағыттағы негізгі құралдардың бірі – электрондық үкімет порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасы. Аталған жүйелер азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты жеңілдетіп, қызметтерді жылдам әрі қолжетімді түрде алуға жағдай жасауда.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызметтер азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мақсатында көрсетіледі. Ал электрондық үкімет жүйесі осы қызметтердің ашық, тиімді әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Электрондық үкімет – мемлекеттік органдардың ақпараттық ресурстарын біріктіретін, халық пен бизнеске мемлекеттік қызметтерді онлайн режимде ұсынатын цифрлық жүйе. Бүгінде электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылатын түрін алуға мүмкіндік бар. Олардың қатарында жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға және кәсіпкерлерге арналған көптеген қызметтер қамтылған.

Қазіргі уақытта азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы тұрғылықты жері бойынша тіркелу туралы мәліметтерді алу, жылжымайтын мүлікке қатысты ақпараттарды қарау, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларға өтініш беру, зейнетақы аударымдары туралы ақпарат алу, сотталығының болуы немесе болмауы туралы анықтама рәсімдеу, баланың тууын тіркеу, балабақшаға кезекке қою, білім беру ұйымдарына құжат тапсыру сияқты көптеген қызметтерді пайдалана алады.

Соңғы жылдары eGov mobile мобильді қосымшасының мүмкіндіктері де едәуір кеңейді. Бүгінде цифрлық құжаттар сервисі арқылы жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, студенттік билет және басқа да құжаттарды электрондық

ЦИФРЛЫҚ ҮКІМЕТ – ХАЛЫҚҚА ҚОЛАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ



түрде қолдануға мүмкіндік бар. Бұл жаңашылдық азаматтардың күнделікті өмірін айтарлықтай жеңілдетті.

Электрондық қызметтердің басты артықшылықтарының бірі – уақытты үнемдеу. Бұрын белгілі бір анықтама алу үшін мемлекеттік мекемелерге бірнеше рет барып, кезек күту қажет болса, қазіргі таңда қажетті қызметті бірнеше минут ішінде смартфон немесе компьютер арқылы рәсімдеуге болады. Сонымен қатар электрондық жүйе адами фактордың әсерін азайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың маңыздылығына ерекше тоқталып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мақсаты – халыққа қолайлы жағдай жасау, бюрократиялық кедергілерді азайту және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.

Әсіресе ауылдық жерлердегі тұрғындар

үшін электрондық қызметтердің маңызы зор. Себебі, кейбір мемлекеттік қызметтерді алу үшін аудан немесе облыс орталығына барудың қажеттілігі туындауы мүмкін. Ал, электрондық үкімет жүйесі осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Интернет желісіне қосылған кез келген азамат қажетті қызметті тұрғылықты жерінен шықпай-ақ ала алады.

Осыған байланысты ауыл тұрғындарының цифрлық сауаттылығын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Цифрлық сауаттылық – заман талабы. Компьютерді, смартфонды және интернет ресурстарын тиімді пайдалана білу әрбір азамат үшін қажетті дағдыға айналды.

Ақсу ауданы әкімдігінің «Есеболат ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесінде тұрғындарға қолайлы жағдай жасау мақсатында арнайы «eGov бұрышы» ұйымдастырылған. Бұл бұрыштың негізгі мақсаты – азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электрондық

форматта алу бойынша ақпараттық және практикалық көмек көрсету.

eGov бұрышында тұрғындар электрондық цифрлық қолтаңба алу тәртібі, eGov.kz порталында тіркелу жолдары, eGov mobile мобильді қосымшасын пайдалану ерекшеліктері туралы кеңес ала алады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алу кезінде туындайтын сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Округ әкімдігі қызметкерлері азаматтарға электрондық қызметтердің артықшылықтарын түсіндіріп, цифрлық сервистерді қолдануға бағыттау бағдар беріп келеді. Бұл жұмыстар тұрғындардың мемлекеттік қызметтерді алу кезінде уақытын үнемдеуге және қажетті құжаттарды жедел рәсімдеуге ықпал етуде.

Қазіргі таңда қоғам өмірінің барлық саласы цифрландыру үдерісімен тығыз байланысты. Сондықтан электрондық үкімет жүйесін тиімді пайдалану – әрбір азаматтың мүмкіндігін кеңейтетін маңызды құрал. Мемлекеттік қызметтерді онлайн форматта алу арқылы халық өз уақытын үнемдеп қана қоймай, сапалы әрі қолжетімді қызметке қол жеткізеді.

Цифрландыру – болашаққа бастар сенімді қадам. Ал, электрондық үкімет – сол болашақтың бүгінгі көрінісі. Сондықтан барлық тұрғындарды электрондық үкімет порталы мен eGov mobile қосымшасының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырамыз. Бұл мемлекеттік қызметтерді алудың ең тиімді, ең жылдам және ең қолайлы жолы.

Цифрлық технологиялардың игілігін пайдалану арқылы біз мемлекеттік қызметтердің сапасын арттырып, халық пен мемлекет арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтере аламыз.

Бұл нұсқа аудандық газетке жариялауға лайық ресми-публицистикалық стильде жазылған және шамамен 2-3 газет бетінің көлеміне сәйкес келеді. Сонымен қатар мақалаға газет талаптарына сай тақырыпша, қорытынды дәйексөз және автор туралы қысқаша анықтама қосып, оны одан әрі кәсіби деңгейде рәсімдеп бере аламыз.

Зарина ШАРИПОВА,
Ақсу ауданы әкімдігінің «Есеболат ауылдық округі аппараты» мемлекеттік мекемесінің іс - жүргізушісі.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС – ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ



Жемқорлық

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы

басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Басқарманың мемлекеттік қызметшілері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды уақтылы анықтау және жолын кесу үшін мамандар арасында заңсыз әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың шағымдары үшін арнайы жәшік орнатылған, сондай-ақ, мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Б.ЖАҚСЫБАЕВА,
Кеңжыра ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

22.07.2026 жылы, сағат 10-00-де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылы, Мамбетов көшесі 27 мекен - жайында «Жетісу облысы, Ақсу ауданында орналасқан, ауданы 7,89 га «Арасан-2» қаптама тас кен орнын өндіру кезінде бүлінген жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 927 990 3131, қатынау коды: bbNb3r. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы «Granite-industries» ЖШС, Қонаев қ., Железнодорожная к-сі 44, БСН 180140024500, тел. 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А.Құрманғалиев, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады. priroda@zhetisu.gov.kz, 7su_expertiza@mail.ru. Тел: 87282329267, 87771719039, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.



ОБЪЯВЛЕНИЕ!

22.07.2026 г. в 10:00 часов, по адресу область Жетісу, Ақсукий район, с. Арасан, улица Мамбетов 27 будет проводиться общественные слушания по проекту «Рабочий проект рекультивации нарушенных земель при добыче облицовочного камня на месторождении «Арасан-2», площадью – 7,89 га, расположенного в Аксуском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 927 990 3131, Код доступа: bbNb3r. Инициатор намечаемой деятельности ТОО «Granite-industries», г.Конаев, ул. Железнодорожная 44, БИН 180140024500, тел. 87071780248, e-mail: graniteindustries@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта Курманғалиев Р.А., тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz, 7su_expertiza@mail.ru. Тел: 87282329267, 87771719039, г. Талдықорған, ул. Кабанбай Батыра 26.

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ БОЙЫНША
КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫ САЛЫҒЫНЫҢ
ӨЗГЕРІСТЕРІ

келісу бойынша белгілеген тізбеге енгізілген ауылшаруашылығы өнімін өзі өндіру процесінде пайдаланылатын мамандандырылған ауылшаруашылығы техникасы бойынша;

2) шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимін қолданатын шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері — осындай арнаулы салық режимінің күші қолданылатын, қызметте пайдаланылатын мынадай қажеттілік нормативтері шегіндегі жеңіл және жүк көлік құралдары бойынша:

бір шаруа немесе фермер қожалығына қозғалтқышының көлемі 2500 текше сантиметрге дейін қоса алғанда бір жеңіл автомобиль бойынша;

бір шаруа немесе фермер қожалығына жүк бөлігінен қатты стационарлық қабырғамен бөлінген жүк платформасы және жүргізуші кабинасы бар бір жеңіл моторлы көлік құралы (пикап-автомобиль) бойынша;

бір шаруа немесе фермер қожалығына 1:1 арақатынасты сақтай отырып, қозғалтқышының шекті жиынтық қуаты егіндіктің (шабындықтардың, жайылымдардың) 1 000 гектарына 1 000 кВт мөлшеріндегі жүк автомобильдері бойынша.

Бұл ретте, егер есеп-қисап қорытындылары бойынша көлік құралдарының саны бөлшекті мәні 0,5-тен бастап және одан жоғары бір бірліктен көп болса, мұндай мән тұтас бірліктерге дейін дөңгелектеуге жатады, егер 0,5-тен төмен болса, дөңгелектеуге жатпайды.

Егер есеп-қисап қорытындылары бойынша жүк автомобильдерінің саны бір бірліктен кем болса, қозғалтқышының қуаты барынша аз бір жүк автомобилі босатылуға жатады;

3) мемлекеттік мекемелер және орта білім беретін мемлекеттік оқу орындары;

4) мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктері — қозғалтқышының көлемі 3 000 текше сантиметрден аспайтын бір жеңіл автокөлік және бір автобус бойынша;

5) Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай - ақ, 1941 жылғы 22 маусым — 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар, Кеңес Одағының батырлары мен Социалистік Еңбек ерлері, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарына ие болған адамдар, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің және "Отан" орденінің иегерлері, "Батыр ана" атағына ие болған немесе "Алтын алқа" не "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көпбалалы аналар — салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша;

6) меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектігі бар адамдар — салық салу объектісі болып табылатын бір автокөлік құралы бойынша.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 1), 2) және 4) тармақшаларының ережелері осындай көлік құралдары пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген жағдайларда қолданылмайды.

4. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелері осындай тармақшалардың ережелерін қолдану құқығы бар жеке тұлғаның оларда көрсетілген бір немесе бірнеше санаттарға жататынына не жатпайтынына қарамастан, салықтық кезең ішінде бір автокөлік құралы бойынша (қозғалтқышының көлемі 4 000 текше сантиметрден асатын, оған қатысты 2013 жылғы 31 желтоқсаннан кейін уәкілетті мемлекеттік органда көлік құралының меншік иесінің ауысуына байланысты тіркеу әрекеттері жүргізілген жеңіл автомобильден басқа) қолданылады.

5. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелерін қолдануға құқығы бар адамның меншік құқығында салықтық кезең ішінде бірнеше автокөлік құралы болған жағдайда, осы ережелер есептелген салық сомасы барынша көп автокөлік құралдарының біреуіне қатысты қолданылады.

6. Осы баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 5) және 6) тармақшаларының ережелерін қолдану құқығы салықтық кезең ішінде туындаған немесе тоқтатылған жағдайда, осындай ережелер:

құқық туындаған кезде — осындай құқық туындаған айдың 1-інен бастап салықтық кезең аяқталғанға дейін немесе осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-іне дейін қолданылады;

құқық тоқтатылған кезде — осындай құқық тоқтатылатын айдың 1-інен бастап қолданылмайды.

7. Мемлекеттік мекемелер сенімгерлік басқаруға берген көлік құралдары бойынша салық төлеуші осы Кодекстің 67-бабына сәйкес айқындалады.

**АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
БАСҚАРМАСЫ.**

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редактор
**ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру және
ақпарат комитеті
2015 жылы 16 қараша
айында есепке қойылды.
Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар
авторының пікірі редакция көзқарасы болып
табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу
ауданы, Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2536



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.